Тез бұзылып кететін азық-түліктерді жылдам суыту. Жылдам суыту функциясы көмегімен суыту процесін тездетуге болады.
- **Демалыс режимі**  
Демалысқа шыққалы жатырсыз ба Тоңазытқышты неғұрлым тиімді тәсілмен басқарудың интеллектуалды функциясын қосу үшін және оны зиян бактериялардан және жағымсыз иістерден қорғау үшін тек демалыс режимін таңдаңыз.
- **Есіктің ашықтығы туралы хабарлау**  
Егер тоңазытқыштың есігі ашық болса, дыбыстық хабарлаудың пайдалы қызметі.

## **ЕС талаптарына сәйкестігі**

Өнім Еуропа Одағының Ережелерімен (ЕС) No 643/2009 қадағаланатын Волті Кем Құрылғылар Нұсқауына (2006/95/ЕС), Үйлесімді Электромагниттік Құрылғылар нұсқауына (2004/108/ЕС) және Эко-дизайн Нұсқауына (2009/125/ЕС) сәйкес жасақталған.



**SAMSUNG**

Қолайлылық үшін үлгі нөмірін және сериялық нөмірін жазып алыңыз. Үлгі нөмірі тоңазытқыштың сол жақ қабырғасында көрсетілген.

Үлгі нөмірі # \_\_\_\_\_











Сериялық нөмірі # \_\_\_\_\_

# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- Құрылғымен жұмыс істер алдында берілген нұсқаулықпен танысып шығыңыз және келешекте анықтамалық мәлімет алу үшін оны сақтап қойыңыз.
- Аталмыш құрылғыны осы нұсқаулықта берілген арналуы бойынша ғана пайдаланыңыз. Құрылғы физикалық, сенсорлық және ақыл-ой мүмкіндігі шектеулі адамдардың (олардың қатарында балалардың), сонымен қатар тиісті тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың пайдалануына арналмаған; мұндай адамдарға тиісті бақылау жүргізілген кезде немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін тұлғалар оларды алдын ала оқытқан кезде пайдалануға мүмкіндік береді.
- Бұл нұсқаулық бірден бірнеше үлгіге қатысты болғандықтан, берілген тоназытқыштың кейбір қызметтері төменде суреттелгеннен ерекшеленуі мүмкін.



## БЕРІЛГЕН НҰСҚАУЛЫҚТА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БЕЛГІЛЕР ҚОЛДАНЫЛАДЫ

 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!	Ұқыпсыздық ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.
 АБАЙЛАҢЫЗ!	Ұқыпсыздық ауыр жарақаттарға немесе мүліктің бұзылып қалуына әкеліп соғуы мүмкін.
	Бұл әрекеттерді орындауға тыйым салынады.
	Бөлшектеуге болмайды.
	Ұстауға болмайды.
	Нұсқаулықты қатаң сақтаңыз.
	Розеткадан электркөзі шнурының айырын шығарыңыз.
	Электр тоғы соғуының алдын алу үшін құрылғының жермен байланыстырылғанына көз жеткізіңіз.
	Анықтама алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.
	Ескерту.

Берілген ескертпе белгілер құрылғыны пайдаланушыларды жарақат алудан қорғау мақсатында келтірілген. Олардың нұсқауларын мұқият сақтаңыз. Аталмыш құжатпен танысқаннан кейін оған кейін де жүгіну үшін сақтап қойыңыз.

# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## ОРНАТУ КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРТУДІҢ ҚАТАҢ БЕЛГІЛЕРІ

-  • Тоңазытқышты дымқыл жерде немесе су тиюі мүмкін жерде орнатпаңыз.
    - Электр компоненттері изоляциясының бүлінуі электр тоғының соғуына немесе тұтануға әкеліп соғуы мүмкін.
  - Тоңазытқышты тікелей күн сәулесі түсетін, сонымен қатар пеш, бөлме жылытқышы немесе басқа да құрылғылар сияқты жылу көздері бар жерлерге орналастырмаңыз.
  - Газ құбырын, телефон желісін немесе электр тоғының басқа да өткізгіштерін жермен байланыстыру нүктесі ретінде пайдаланбаңыз.
    - Жермен байланыстырушы тіркеуішті дұрыс пайдаланбау электр тоғының соғуына әкеліп соғуы мүмкін.
  - Жалғыз желі фильтріне бірнеше құрылғыны қоспаңыз. Тоңазытқыш жұмыс кернеуі тоңазытқыштың зауыттық кестесінде көрсетілген кернеуге сай келетін жеке розеткаға қосылу керек.
    - Бұл құрылғының тиімді жұмысын және тұтанудың себебі болуы мүмкін сымдардың күйіп кетуінің, үй электр желісінің шамадан тыс пайдалануының алдын алуды қамтамасыз етеді.
  - Электркөзі шнұрының айырын бекітілмеген қабырға розеткасына қоспаңыз.
    - Кері жағдайда тұтану қауіпі немесе электр тоғына түсу қауіпі бар.
  - Барлық ұзындығы бойынша немесе жан-жағында ақаулықтардың ізі бар электркөзі шнұрын пайдаланбаңыз.
  - Электркөзі шнұрының үстіне ауыр заттар қоймаңыз және шамадан тыс майысудан сақтаңыз.
  - Құрылғыны розеткадан ажырату үшін оның шнұрынан ұстап тартпаңыз. Электркөзі шнұрының айырынан ұстаңыз да, оны розеткадан ажыратыңыз.
    - Зақымдалған электркөзі шнұры қысқа тұйықталуға, тұтануға немесе электр тоғына түсуге әкеліп соғуы мүмкін.
- 
-  • Аталмыш тоңазытқышты пайдаланар алдында нұсқаулыққа сай ыңғайлы орынға орналастыру керек.
  - Электркөзі шнұрын ол төмен қарап тұратындай дұрыс күйде қосыңыз.
    - Электркөзі шнұрын төңкеріп қосқан кезде сымдар ажырап кетіп, өртке немесе электр тоғына түсуге әкеліп соғуы мүмкін.
  - Тоңазытқышты жылжытқан кезде электркөзі шнұрының зақымданбағанына көз жеткізіңіз.
    - Ақаулық тұтануға әкеліп соғуы мүмкін.
  - Электркөзі шнұрының тоңазытқыштың артқы қабырғасына тым таяу тұрғанынан сақтаныңыз. Себебі ол зақымдануы мүмкін.
  - Қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтіндей жерде сақтаңыз.
    - Егер балалар аталмыш материалдарды басына киіп алса, тұншығудан өлім қауіпі туындайды.
  - Құрылғыны орнатқаннан кейін электркөзі шнұрына тікелей қол жетімділік мүмкіндігі болатындай етіп орналастыру керек.





- Тоңазытқышты жермен байланыстыру керек.  
- Электр тоғының электр тоғына түсуден құтылу үшін тоңазытқышты жермен байланыстыру керек.



- Электр көзі шнурды зақымданған жағдайда оны ауыстыру үшін шұғыл түрде өндірісіне немесе техникалық қамтамасыз ету қызметіне хабарласыңыз.
- Тоңазытқыштың балқығыш сақтандырғыштарын білікті маман немесе сервис орталығы ауыстыру керек.  
- Бұл талаптың орындалмауы электр тоғының соғуына немесе жарақат алуға әкеліп соғуы мүмкін.



## **ОРНАТУ КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРТУДІҢ БЕЛГІЛЕРІ**



- Тоңазытқышты жеткілікті бос кеңістік қалатындай тегіс жерге орналастыру керек.  
- Егер тоңазытқыш тегіс орналастырылмаса, салқындату жүйесі дұрыс жұмыс істемейді.
- Желдету тесіктеріне немесе бекіту конструкцияларына кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Құрылығын орнатқаннан кейін оны қоспай екі сағат күте тұрыңыз.



## **ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРТУДІҢ ҚАТАҢ БЕЛГІЛЕРІ**



- Электр көзі шнурын дымқыл қолмен қоспаңыз.
- Құрылығның үстіне ауыр заттар қоймаңыз.  
- Кері жағдайда есікті ашу немесе жабу кезінде зат құлап қалып жарақаттандыруы мүмкін немесе жабдыққа зақым келтіруі мүмкін.
- Тоңазытқыштың үстіне сұйықтығы бар контейнер қоймаңыз.  
- Кері жағдайда сұйықтық төгілу салдарынан немесе электр тогыне түсу қауіпі бар.
- Балалардың тоңазытқыштың есігінде асылып тұруына жол бермеңіз. Кері жағдайда олар ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Балалардың тоңазытқыштың ішіне кіруіне жол бермеңіз. Балалардың ол жерден шыға алмау қауіпі бар.
- Құрылығның астына қолыңызды қоймаңыз  
- Өткір жақтары кесіп кетуі мүмкін.
- Балаларға жәшіктің қақпағын басуына жол бермеңіз.  
- Оны сындырып алу немесе тайып кету қауіпі бар.
- Тоңазытқышты азық-түлікпен шамадан тыс толтырмаңыз.  
- Есікті ашқан кезде азық-түліктер құлап жарақаттандыруы немесе жабдыққа зақым келтіруі қалу мүмкін.
- Диспенсер тесігіне саусағыңызды салмаңыз және оған басқа да заттардың түсіп кетпеуін қадағалап отырыңыз.  
- бұл жарақатқа немесе жабдықтың зақымдануына әкеліп соғады.
- Тоңазытқышта ұшатын немесе тұтанатын заттарды сақтамаңыз.  
- Бензол еріткіші, спирт, эфир, сұйылтылған мұнай газы немесе басқа да сол сияқты заттар жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін.
- Тоңазытқышта медициналық, химиялық, немесе басқа да температураның өзгеруіне сезімтал заттарды сақтамаңыз.  
- Тоңазытқышта қатаң температуралық бақылауды талап ететін заттарды сақтамаңыз.
- Тоңазытқыштың ішіне өндіруші ұсынғаннан бөлек электр аспаптарын қоймаңыз және пайдаланбаңыз.

# Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Өндіруші ұсынғаннан бөлек қандай да бір механикалық аспаптарды немесе еріту процесін жылдамдату үшін тәсілдер пайдаланбаңыз.

- Хладагент контурын зақымданудан сақтаңыз.



- Тоңазытқышты өз еркіңізбен бөлшектемеңіз және жөндемеңіз.

- Кері жағдайда тұтану, тоңазытқыштың істен шығу және жарақат алу қауіпі бар.



- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалап отыру керек.

- Бөтелкелерді олар тоңазытқыштан құлап қалмас үшін бір-біріне тығыз орналастыру керек.

- Берілген құрылғы үй жайында тек қана азық-түлікті сақтауға арналған.

- Газдың жылыстауы байқалған жағдайда ашық оттың барлық көздерін және мүмкіндігінше жанғыш объектілерді алып тастаңыз, содан кейін бірнеше минут аралығында құрылғы тұрған жерді желдетіңіз.

- Өндірушілермен немесе сервис орталығының қызметкерлерімен қарастырылған жарық диоды бар шамды ғана қолданыңыз.



- Тоңазытқыштың ішкі жарықтандыру бөлшектерін ауыстырмас бұрын розеткадан электркөзі шнұрының айырын ажыратыңыз.

- Кері жағдайда электр тогыне түсу қауіпі бар.



- Егер сіз химикат немесе түтіннің иісін сезсеңіз шұғыл түрде электркөзі шнұрының айырын розеткадан ажыратыңыз және Samsung сервис орталығына хабарласыңыз.

- Жарықтандыруды ауыстыру кезінде қиындықтар туындаған жағдайда қызмет көрсету орталығының қызметкерлеріне хабарласыңыз.

- Егер құрылғы жарық диоды бар шаммен жабықталса, өз еркіңізбен шамның қақпағын және жарық диоды бар шамды бөлшектемеңіз.

- Техникалық қамсыздандыру қызметіне хабарласыңыз.



## ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРТУДІҢ БЕЛГІЛЕРІ



- Тоңазытқышты розеткадан ажыратқаннан кейін оны қайта қосу 5 минуттан кейін жүзеге асырылауы тиіс.

- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт аралығында пайдаланылмайтын болса, тоңазытқыштың ішін босату керек және электркөзі шнұрын ажырату керек.

- Изоляциялық материалдардың ақаулығы тұтануға әкеліп соғуы мүмкін.

- Тоңазытқыштың ішкі қабырғаларындағы артық ылғалды сүргіп тастаңыз және есігін ашық күйде қалдырыңыз.

- Кері жағдайда жағымсыз иіс және зең пайда болуы мүмкін.

- Құрылғының тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін төмендегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

- Азық-түліктерді құрылғының артқы панеліндегі желдеткіш тесіктің жанына қоймаңыздар. Бұл тоңазытқыштағы еркін ауа циркуляциясы үшін кедергі туғызады.

- Тоңазытқышқа азық-түліктерді салмас бұрын оларды тығыз ораңыз немесе герметикалық контейнерге салыңыз.

- Суға арналған ыдысты, мұзға арналған науаны және пішімді тек ауызсумен толтырыңыз.



- Егер тоңазытқышқа су тисе, электркөзі шнурын ажыратыңыз және Samsung Electronics сервис орталығына хабарласыңыз.



## **ТАЗARTY КЕЗИНДЕГІ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ**



- Тоңазытқыштың ішіне және сыртқы қабатына су тиюден сақтаныңыз.
  - Кері жағдайда тұтану немесе электр тогіне түсу қауіпі бар.
- Тоңазытқыштың жақын маңына тұтанғыш заттарды шашпаңыз.
  - Кері жағдайда жарылыс немесе өрт қауіпі бар
- Тура дисплейге тазартқыш құралдарын шашпаңыз.
  - Бұл оның үстіндегі әріптердің өшіп қалуына әкеліп соғады.



- Электркөзі шнурының айырын тазарту кезінде тұрып қалған кір мен шаңнан тазартыңыз. Айырды тазарту кезінде су немесе дымқыл шүберек қолданбаңыз; тұрып қалған кір мен шаңнан тазартыңыз.
  - Кері жағдайда тұтану немесе электр тогіне түсу қауіпі бар.



- Тоңазытқышты тазарту немесе жөндеу алдында оны розеткадан ажырату керек.



## **КӘДЕГЕ ЖАРATY КЕЗИНДЕГІ ЕСКЕРТУДІҢ ҚАТАҢ БЕЛГІЛЕРІ.**



- Берілген тоңазытқышты немесе басқа да түрін кәдеге жарату кезінде есігін және есігінің нығыздағышын шешіп алыңыз. Бұл құрылғының ішінде балалардың немесе үй жануарларының қамалып қалмауына көмектеседі. Балалардың құрылғымен ойыншық ретінде ойнауына жол бермеңіз.
- Құрылғының қаптамасын кәдеге асыру кезінде оның қоршаған ортаға зиян келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Балалар ішіне кіре алмауы үшін сөрелерді тоңазытқыштың ішінде қалдырыңыз. Құрылғыны кәдеге жаратар алдында оның артқы бөлігінде орналасқан бірде-бір түтікшенің зақымданбағанына көз жеткізіңіз.
- Хладагент ретінде R600a немесе R134a қолданылады. Тоңазытқышта қандай хладагент қолданылатынын білу үшін құрылғы корпусының артқы бөлігінде орналасқан компрессор жапсырмасымен немесе тоңазытқыштың ішіндегі құжаттық кестемен салыстырыңыз. Егер құрылғыда (R600a хладагенті) өртке қауіпті газы болса тоңазытқышты қауіпсіз кәдеге жарату бойынша мағлұмат алу үшін жергілікті өкілетті органдарға хабарласыңыз. Изоляциялық материалда циклопентан бар. Изоляциялық материалдарды үрлеп толтыратын газдар ерекше кәдеге жаратуды қажет етеді. Мұндай газдарды экологиялық тұрғыдан қауіпсіз кәдеге жарату бойынша мағлұмат алу үшін жергілікті өкілетті органдарға хабарласыңыз. Құрылғыны кәдеге жаратар алдында оның артқы бөлігінде орналасқан бірде-бір түтікшенің зақымданбағанына көз жеткізіңіз. Түтікшені ашық жерде кәдеге асыру керек.
- Изобутан (R600a) хладагенті қоршаған ортаға қауіпсіз табиғи газ болып табылады, алайда сонымен бірге тез тұтанатын газ болып табылады. Құрылғыны орнату және тасымалдау барысында хладагенттің контурын зақымдамау үшін абай болғаныңыз жөн.
- Хладагент шыққан кезде көзге зақым келтіруі мүмкін немесе тұтануы мүмкін. Хладагенттің шығып жатқанын байқаған жағдайда барлық ашық откөздерін және өздігінен тұтанатын объектілерді жойыңыз, содан соң бірнеше минут аралығында құрылғы орналасқан жерді желдетіңіз.

# Қауіпсіздік туралы ақпарат

- ★ Хладагенттің контуры зақымданған жағдайда тез тұтанатын ауа газы қосындысының пайда болуының алдын алу үшін құрылғы орнатылатын жердің көлемін қолданылған хладагенттің санына байланысты таңдаған жөн. Қандай да бір ақаулықтың белгілері табылған жағдайда құрылғыны ешқашан қоспаңыз. Әрбір R600a хладагентінің 8гр-на үй-жайдың кем дегенде 1м3келуі керек. Сіздің құрылғыңыздағы хладагенттің нақты саны тоңазытқыштың ішіндегі құжаттық кестеде көрсетілген.

## ✍ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Электркөзі істен шыққан жағдайда жергілікті энергетикалық компанияның офисіне хабарласып, жөндеу жұмыстары қанша уақытқа созылатынын біліңіз.  
- Электркөзінің істен шығуы көбіне бір немесе екі сағат аралығында орнына келтіріледі де, тоңазытқыштың жұмысына әсер етпейді. Сөйте тұра электркөзі істен шыққан кезде тоңазытқыштың есігін мүмкіндігінше аз ашуға тырысыңыз.
- Егер тоңазытқыштың жиынтығында кілттер болса, оларды құрылғының өзінен алшақ, балалардың қолы жетпейтіндей жерде сақтаңыз.
- Орнату кезінде ұзақ уақыт аралығында жұмыс температурасының номиналды диапазонының максималды шегінен асып кеткен температуралы орында құрылғы құбылмалы түрде жұмыс істейді (тоңазытқыштағы температураның көтерілу ықтималдылығы бар).
- Төмен температурада тез бұзылатын азық-түліктерді (мысалы, банан, қауын) сақтаңыз.
- Құрылғыны жібіту қажеттілігі жоқ, ол автоматты түрде жүзеге асады.

# МАЗМҰНЫ

---

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ

10

- 10 Тоңазытқышты орнатуға дайындық
- 11 Тоңазытқыш есіктерін қайта салу
- 16 Тоңазытқышты түзулеу
- 17 Тоңазытқышты орнату және баптау

## МҰЗДАТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

18

- 18 Басқару панелімен танысу
- 18 Басқару панелімен жұмыс
- 20 Азық-түліктерді сақтау
- 22 Жиналмалы сөрелерді қолдану
- 22 Ылғалдылықты реттеу функциясы бар Big box жәшігін қолдану.
- 22 Сусындарға арналған сөрелерді қолдану
- 23 Суға арналған диспенсерді қолдану

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҰМЫС КҮЙІНДЕ ҰСТАУ

24

- 24 Ішкі бөлшектерін шығарып алу
- 26 Тоңазытқышты тазарту
- 28 Суға арналған диспенсерді тазарту
- 29 Дезодораторды тазарту
- 29 Ішкі жарығын ауыстыру

## ҚОСЫМША

30

- 30 Ақаулықтарды қалпына келтіру

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ

31

- 31 Орнату

# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Samsung тоңазытқыш сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Осы құрылғының көптеген заманауи функцияларына және ерекшеліктеріне көңілдеріңіз толғады деген ойдамыз.

- Берілген тоңазытқышты пайдаланар алдында оны нұсқаулыққа сәйкес қолайлы жерге орнатыңыз және орналастырыңыз.
- Берілген құрылғыны нұсқаулықта көрсетілген арналуы бойынша пайдаланыңыз.
- Берілген құрылғыға кез келген жөндеу жұмыстарын білікті мамандар жүргізу керек.
- Құрылғының қаптамасын кәдеге асыру кезінде оның қоршаған ортаға зиян келтірмейтініне көз жеткізіңіз.





НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Тоңазытқыштың ішкі жарық бөлшектерін ауыстырар алдында розеткадан электркөзі шнурының айырын ажыратыңыз.

- Кері жағдайда электр тогына ұшырау қауіпі бар.

## Тоңазытқышқа арналған ең жақсы орынды таңдау

- Тоңазытқышты тікелей күн сәулесі түспейтін жерге орнатыңыз.
- Орнату орнының еден беті тегіс болуы керек.
- Тоңазытқыштың есігін жеткілікті кеңістікпен қамтамасыз етіңіз
- Ауа алмасуы үшін оң, сол, артқы және үстіңгі жақтарын жеткілікті орынмен қамтамасыз етіңіз. Жеткілікті орын қалдырмаған жағдайда ішкі суығу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Құрылғыны күтіп-баптау мен жөндеу жүргізе алатындай етіп орналастыру керек.



- Құрылғының биіктігі үлгісіне қарай ерекшеленеді.
- Тоңазытқышты оң жағынан, сол жағынан, артынан және төбесінен бос кеңістік қалатындай етіп орнатыңыз. Бұл электр энергиясын үнемдеуге көмектеседі.
- Тоңазытқышты температурасы 10°C-тан төмен жерге орнатпаңыз.



Абайлаңыз!

Тоңазытқышты орнату, күтіп-баптау немесе артындағы кеңістікті тазарту кезінде оны мұқият ашық жерге ауыстырыңыз, сосын оны қайта орнына қойыңыз. Бөлме еденінің азық-түлікпен толтырылған тоңазытқыштың салмағын көтере алатындығына көз жеткізіңіз.

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІКТЕРІН ҚАЙТА САЛУ



Назар аударыңыз!


Тоңазытқыштың есіктерін қайта салу алдында оның электркөзі желісінен ажыратылғандығына көз жеткізіңіз. Егер бұл әрекет сатып алудан кейінгі қызмет көрсету бөлімімен орындалса, ол кепілдік жөндеу жұмыстары болып табылмайды.

### Қажетті құралдар (жиынтыққа кірмейді)


Бұрағыш Phillips (+)	Тегіс бұрағыш Phillip s (-)	10мм-ге арналған кесік сомын кілті (бұрандамаларға арналған)	8мм-ге арналған кесік сомын кілті (бұрандамаларға арналған)	Сомын кілті (топсаның білігіне арналған)	4мм-ге арналған алты қырлы кілт (төменгі топсаның білігіне арналған)

1. Тоңазытқыштың жоғарғы бөлігінен екі бұранданы шешіп алыңыз.

Бұрандалар




2. Пластмасса қақпақты шешіңіз және сымдарды ажыратыңыз. Пластмасса қақпақты шешкеннен кейін, есікті қайта салу үшін керек бөлшектертің бар-жоғын тексеріңіз.



Абайлаңыз!

Пластмасса қақпақты шешкен кезде электр сымдарын зақымдап алмаңыз.

3. Сымдарды ажыратыңыз және үш бұрандаманы шешіп алыңыз.




Назар аударыңыз!

Электр сымдарымен жұмыс жасар алдында, тоңазытқыштың розеткадан ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.

# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІКТЕРІН ҚАЙТА САЛУ


4. Есікті көтеріңкіреп, оны төменгі ілмектен шешіңіз.



Абайлаңыз!


Тоңазытқыштың есігі ауыр, оны шешкенде өзіңізге жарақат келтіріп алмаңыз.

5. Екі бұранданы шешіп алыңыз және алдыңғы аяғының қақпағын шешіңіз.




Бұрандалар

6. Ілмекті бекітіп тұрған үш бұрандаманы және шешілген топса бекітілетін алдыңғы аяғының жанындағы төменгі оң жақтағы үш бұрандаманы шешіп алыңыз.




7. Алдымен алты қырлы кілттің көмегімен топсаның білігін кері бұраңыз. Топсаның білігін шешу үшін, бұрандаманы кері бұраңыз да, топсаның білігін және топсаны басқа жаққа ауыстырыңыз.







8. Топсаны 6-қадамда шешіп алынған бұрандамалар орналасқан тоңазытқыштың төменгі сол жағына бекітіңіз. Бұрандамаларды келешекте қолдануға тоңазытқыштың төменгі оң жағына бұрап қойыңыз.




9. Тоңазытқыш есігінің төменгі бөлігіндегі оң және сол жағында орналасқан бұрандаларды шешіп алыңыз. Есік шектеуішінің қалпын оң жақтағыдан сол жақтағыға өзгертіңіз. Сонымен қатар топса шарнирінің қалпын да өзгерту қажет.



10. Сымдардың орналасу бағыттарын өзгерту үшін, тоңазытқыштың есігінің үстінгі бөлігінде орналасқан сымның қақпағын шешіңіз.



11. Топсаны шешіңіз және қақпақтан топса төлкесінің оң жағын ажыратыңыз, содан соң топса қақпағынан тоңазытқыш есігінің сымдарын шығарыңыз.




Топсаның қақпағын шешкен кезде электр сымдарына зақым келтіріп алмаңыз.


# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІКТЕРІН ҚАЙТА САЛУ


12. Кілттің көмегімен топса білігін бұраңыз, топсаны айналдырыңыз және білікті қатайтыңыз.




13. Тоңазытқыш есігіндегі топсаны демонтаждау 11-қадамға кері тәртіпте орындалады. Топса қақпағының сол жағының қолданылатындығына көз жеткізіңіз (ол 2-қадамдағы ағытылған пластмасса қақпақтың астында орналасқан) және төлкені шешіп алыңыз. Топсаны, сымдарды және топсаның қақпағын демонтаждап болған соң, оңнан солға қарай қалпын өзгертіңіз.



14. Топсаны ауыстырғаннан соң тоңазытқыш есігінің жоғарғы бөлігінде орналасқан оның қақпағын жабыңыз.




15. Тұтқаның қақпағын шешіңіз және бұrandаны шешіп алыңыз, қалпақшаны шешіңіз және есіктің тұтқасын сол жақтан оң жаққа қарай ауыстырыңыз. (Сол жағын шешілген қалпақшалармен жабыңыз).




Кейбір үлгілерде тұтқаның қақпағы болмауы мүмкін.

16. Топсаның қалпақшасын ауыстырыңыз және алдыңғы аяғының қақпағын бекітіңіз. Тоңазытқыштың есігін орнына мұқият орнатыңыз.




17. 3 бұранданы бекітіңіз және сымдарды қосыңыз.




Назар аударыңыз!

Электр сымдарымен жұмыс жасар алдында, тоңазытқыштың розеткадан ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.

18. Пластмасса қақпақтағы сымдарды жалғаңыз және оны орнына қойыңыз.



19. 2 бұранданы орнына орнатыңыз.



Абайлаңыз!

- Есіктерді қайта салғаннан кейін резеңке нығыздауыш есікке мықтап жабысқандығына көз жеткізіңіз.
- Егер есікті қайта салғаннан кейін ол шикылдай бастаса, нығыздауышты маймен майлаңыз.

# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ


## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТҮЗУЛЕУ

Егер құрылғының алдыңғы бөлігі артқы бөлігіне қарағанда біраз жоғары орналасса, есіктерді ашып-жабу айтарлықтай оңай болады.

Сағат тіліне қарсы биіктікті көтеру және қысқарту үшін реттегіш аяқтарды сағат тілі бойынша бұраңыз. Реттегіш аяқтарының биіктігін көтеру үшін сағат тілі бойынша, ал биіктігін қысқарту үшін сағат тіліне қарсы бұраңыз.


### 1- жағдай: Құрылғы солға қисайған.

- Сол жақ реттегіш аяқты көрсеткіштің бағытымен құрылғы түзуленгенше бұраңыз.



### 2-жағдай: Құрылғы оңға қисайған.

- Оң жақ реттегіш аяқты көрсеткіштің бағытымен құрылғы түзуленгенше бұраңыз.



## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ

Тоңазытқыш орнатылғаннан кейін, сіз оны баптай аласыз және құрылғының толық функционалдылығына рахаттана аласыз. Сатылы қадамдар біткеннен кейін, тоңазытқыш толық жұмыс жасауға қабілетті болуы керек. Кері жағдайда электркөзін және электр энергиясы көзін тексеріңіз немесе осы нұсқаулықтың соңындағы ақаулықтарды жою бөліміне жүгініңіз. Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


1. Құрылғы мен қабырғаның арасына барынша бос орын қалдыра отырып, тоңазытқышты қолайлы орынға орналастырыңыз. Берілген нұсқаулықтағы орнату бойынша нұсқауларды қараңыз.
2. Тоңазытқыш электркөзіне қосылғаннан кейін, есік ашылғанда ішкі жарықтандыру іске қосылатындығына көз жеткізіңіз.
3. Температура реттегішті ең төменгі көрсеткішке қойыңыз және бір сағат күтіңіз. Тоңазытқыш біраз суу керек, ал моторы бір қалыпты жұмыс істеуі керек.
4. Тоңазытқышқа электркөзіне қосылғаннан кейін тиісті температура орнату үшін бірнеше сағат керек. Тоңазытқышта жеткілікті деңгейдегі төмен температура орнатқаннан кейін оған азық-түлік пен сусындар салып қоюға болады.

### Электр энергиясын үнемдеу бойынша кеңестер

- Тоңазытқышты жеткілікті дәрежеде желдетілетін салқын, құрғақ бөлмеге орнатыңыз. Оған күн сәулесінің тікелей түспегендігін қамтамасыз етіңіз және оны тікелей жылу көздерінің жанына орнатпаңыз (мысалы, жылыту батареялары).
- Тоңазытқыштың тесіктерін немесе шарбақтарын ешқашан жаппаңыз.
- Жылы тағамды тоңазытқышқа салмас бұрын бөлме температурасына дейін суытып алыңыз.
- Мұздатылған азық-түліктерді еріту үшін тоңазыту камерасына салыңыз. Бұл жағдайда сіз мұздатылған азық-түліктің төмен температурасын тоңазыту камерасындағы азық-түліктерді суыту үшін қолдана аласыз.
- Тоңазытқышқа азық-түлікті салу немесе одан азық-түлікті алу кезінде оның есігін ұзақ уақыт ашып қоймаңыз. Есік барынша сирек ашылса, мұздату камерасында мұздың қатуы да барынша аз болады.
- Тоңазытқыштың артқы жағын ұдайы тазартып отырыңыз. Шаң электр энергиясын тұтынуды арттырады.
- Температураны қажетті деңгейден төмен қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың асты мен артқы жағында ауа алмасуы үшін жеткілікті орын қалдыру керек. Желдету тесіктерін жаппаңыз.
- Тоңазытқышты орнату кезінде оң, сол, артқы және үстіңгі жақтарынан саңылау қалдырыңыз. Бұл сіздің электр энергиясын тұтынуыңызды азайтады және осыған сәйкес электр энергиясына төлем сомасын да азайтады.

# МҰЗДАТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

## БАСҚАРУ ПАНЕЛІМЕН ТАНЫСУ



<b>1</b> Балалардан қалқалау	Балалардан қалқалау қызметі балалардың басқару панеліндегі түймешелерді басуына мүмкіндік бермейді.
<b>2</b> Мұздатқыш	1°C-тан 7°C-қа дейінгі аралықта тоңазытқыштың қажетті температурасын қоюға болады.
<b>3</b> Қуатты мұздату	Тоңазытқыштағы азық-түліктерді қатыру уақытын қысқартады. Бұл қызмет тез бұзылатын азық-түліктерді тез қатыру үшін немесе тоңазытқыштағы температура барынша көтерілген жағдайда (мысалы, есіктің мықтап жабылмағандығынан), сонымен қатар мұз дайындау үшін пайдалы.
<b>4</b> Дыбыстық хабарлау	Егер тоңазытқыштың есігі 2 минуттан көп ашық қалса, дыбыстық хабарлау қосылады. Бұл хабарлауды өшіру үшін <b>Дыбыстық хабарлау</b> түймешесін тағы да бір рет басыңыз.
<b>5</b> Қоршаған ортаға әсер ету	Егер сіз ұзақ мерзімге (демалысқа, іссапарға және т.б.) кетсеңіз және тоңазытқышты ұзақ пайдаланбасаңыз демалыс режимі қолайлы.

 Түймешені әр басқан сайын қысқа дыбыстық белгі беріледі.

## БАСҚАРУ ПАНЕЛІМЕН ЖҰМЫС

### Балалардан қалқалау


Балалардан қалқалау қызметін іске қосу үшін, **Балалардан қалқалау** түймешесін 3 секундтай басып тұрыңыз. Балалардан қалқалау қызметінің индикаторы жанады және басқару панеліндегі барлық түймешелер бұғатталады. Балалардан қалқалау қызметін өшіру үшін, қайтадан **Балалардан қалқалау** түймешесін 3 секундтай басып тұрыңыз.



## Мұздатқыш

1°C-тан 7°C-қа дейінгі аралықтағы қажетті температураны орнату үшін, **Мұздатқыш** түймешесін басыңыз.

Температура өздігінен 3°C-қа бапталған. **Мұздатқыш** түймешесін басқан сайын, температура өзгереді және индикатор қажетті температураны көрсетіп тұрады.



Температура қойылғаннан кейін, индикаторда тоңазытқыштағы температураның қазіргі көрсеткіші бейнеленеді.

Егер тоңазытқыштағы температура 9°C-тан жоғары болса, индикаторда 9°C көрсеткіші бейнеленеді.



## Қуатты мұздату

Тез суыту қызметін іске қосу үшін, **Қуатты мұздату** түймешесін басыңыз. Тез суыту индикаторы жанады да, тоңазытқыш оның ішіндегі азық-түліктерді суыту процесін тездетеді.

Тоңазытқышты тез суытуға арналған тез суыту қызметі 2 сағат 30 минут көлемінде жұмыс істейді.

Тез суыту қызметін өшіру үшін, **Қуатты мұздату** түймешесін тағы бір басыңыз.




Тез суыту қызметін демалыс режимімен бірге қосуға болмайды. Демалыс режимін таңдаған кезде тез суыту қызметі автоматты түрде өшеді.



## Дыбыстық хабарлау


Дыбыстық хабарлау қызметін іске қосу үшін, **Дыбыстық хабарлау** түймешесін басыңыз. Дыбыстық хабарлау индикаторы жанады. Егер мұздатқыштың есігі 2 минуттан көп ашық қалса, дыбыстық хабарлау қосылады.

Бұл қызметті өшіру үшін, **Дыбыстық хабарлау** түймешесін тағы бір басыңыз.



## Қоршаған ортаға әсер ету

Демалыс режимін іске қосу үшін, **Қоршаған ортаға әсер ету** түймешесін басыңыз. Демалыс режимінің индикаторы жанады және сіз жоқ кезде (демалыс, іссапар және т.б.) энергияны үнемдеу үшін тоңазытқыш 15°C температураға қойылады. Тоңазытқышты бактериялар мен иістерден қорғауға көмектеседі.




- Тез суыту қызметін таңдау кезінде немесе температураны реттеген кезде демалыс режимі автоматты түрде өшеді.
- Демалыс режимін қосқан кезде тоңазытқыштағы барлық азық-түлікті шығарып тастау керек.

# МҰЗДАТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

## АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ САҚТАУ

Samsung тоңазытқышы азық-түліктерді қолайлы сақтау үшін, сонымен қатар бос орын үнемдеу үшін көптеген функциялармен жабдықталған. Төменде азық-түліктердің балғындығын ұзақ мерзімге сақтауға көмектесетін оның бөлімдері берілген. Кеңес. Жағымсыз иіс шығуының алдын алу үшін азық-түліктерді мүмкіндігінше орау қағазына мұқият орап қойыңыз.



- Кейбір мүмкіндіктері (мысалы, суға арналған ыдыс және сусындарға арналған сөре) үлгісіне қарай ерекшеленеді немесе қолжетімсіз болады.
- Қосымша орын жасау үшін суға арналған ыдысты алып тастауға болады. Бұл температуралық және механикалық сипаттамаларына әсер етпейді. Көрсетілген тоңазытқыштың көлемі осы бөлімдерді қоспай есептелген.



<b>1 ШЫНЫ СӨРЕЛЕР</b>	Шыныдан жасалған сөрелер оңай жуылады және еш қиындықсыз қажетті азық-түлікті табуға мүмкіндік береді. Мұндай сөрелер шытынауға берік және кез келген түрдегі азық-түлік пен сусындарды сақтауға мүмкіндік береді.
<b>2 ДЕЛИКАТЕСТЕРГЕ АРНАЛҒАН АЛЫНБАЛЫ-САЛЫНБАЛЫ ҚАЛТАША</b>	Деликатестерге арналған қалташа көлденең бағытта реттеледі. Қалташаны оның астында орналасқан затқа байланысты оңға және солға ауыстыруға болады. Онда сусындарды, сүт өнімдерін немесе әзір дайындалатын азық-түліктер сақталады.
<b>3 ЖИНАЛМАЛЫ СӨРЕ</b>	Габаритті азық-түліктерді қолайлы орналастыруға мүмкіндік туғызу үшін, кейбір сөрелер толығымен жиналады.
<b>4 ЖЫЛЖЫМАЛЫ ПЛАСТМАСС ЖӘШІК</b>	Жылжымалы пластмасс жәшіктер өте төмен температураға төзімді және ұзақ мерзімге азық-түліктердің балғындығын сақтай отырып, балық, ет немесе деликатестерді сақтауға мүмкіндік береді.
<b>5 ЫЛҒАЛДЫЛЫҚТЫ РЕТТЕГІШ ФУНКЦИЯСЫ БАР BIG BOX ЖӘШІГІ</b>	Ылғалдылықты реттегіш функциясы бар Big box жәшігі жемістер мен көкөністердің балғындығын сақтау үшін ылғалдылығын реттеуге мүмкіндік береді.
<b>6 ТЕРЕҢ ЕСІК НАУАСЫ</b>	Сүт бөтелкесі немесе контейнерлер сияқты үлкен және қолайсыз үлкен заттарды сақтауға арналған
<b>7 СУСЫНДАРҒА АРНАЛҒАН СӨРЕ</b>	Сусындарға арналған сөреге тез алу үшін сусындарды және дәмтатымдарды орналастырған қолайлы.
<b>8 СУҒА АРНАЛҒАН ЫДЫС</b>	Диспенсердің көмегімен тоңазытқыштың есігін ашпай-ақ салқын су алуға болады.
<b>9 ЖҰМЫРТҚАҒА АРНАЛҒАН НАУА</b>	Жұмыртқа сақтауға арналған ең қолайлы орын. Жұмыртқаны сақтау үшін науаны сөреге іліп қойыңыз.



Абайлаңыз!


- Егер сіз ұзақ мерзімге болмауды жоспарласаңыз, тоңазытқышты босатыңыз және оны өшіріңіз. Құрылғының ішкі қабырғаларындағы артық ылғалды сүртіңіз және есікті ашық күйінде қалдырыңыз. Бұл көгеріп кетудің және жағымсыз иістің алдын алады.
- Егер тоңазытқыш ұзақ мерзім аралығында қолданылмаса, оны розеткадан ажыратып тастаңыз.

# МҰЗДАТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

## ЖИЫЛМАЛЫ СӨРЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Бұл сөрелі толығымен жинап тастауға болады. Бұл оның астына габаритті азық-түліктерді ыңғайлы орналастыруға мүмкіндік береді.

1. Сөрелі көтеріңкіреп, ары жылжытыңыз.
2. Сөрелі арналуы бойынша қолдану үшін оны толығымен бері қарай жылжытыңыз.




## ЫЛҒАЛДЫЛЫҚТЫ РЕТТЕГІШ ФУНКЦИЯСЫ БАР BIG BOX ЖӘШІГІН ҚОЛДАНУ

Ылғалдылықты реттегіш функциясы бар Big box жәшігі азық-түліктердің балғындығын сақтау үшін ылғалдылығын реттеп тұруға мүмкіндік береді.

Ылғалдылығын реттеу үшін жәшіктің үстінде орналасқан ылғалдылықты реттеуіш тұтқасын пайдаланыңыз.

Жәшікте төмен ылғалдылықты орнату үшін тұтқаны оң жаққа қарай ауыстырыңыз. Жоғары ылғалдылықты орнату үшін тұтқаны сол жаққа қарай ауыстырыңыз. Тесіктердің көп болуы жәшіктегі ылғалдылық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.





## СУСЫНДАРҒА АРНАЛҒАН СӨРЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Сусындарға арналған сөрелі ашу үшін сөрелің жоғарғы бөлігін басыңыз.

### Антитерлету ажыратқышы

Жоғары деңгейлі ылғал кезінде сусындарға арналған сөре терлеп кетуі мүмкін. пайда болған ылғалды кетіру үшін қыздырғышты қосыңыз және ылғал кеткен кезде оны өшіріп тастаңыз.

 Кейбір үлгілерде сусындарға арналған сөрелер болмайды.



# СУҒА АРНАЛҒАН ДИСПЕНСЕРДІ ҚОЛДАНУ

## Суға толтыру

Тоңазытқыштың ішінде орналасқан суға арналған ыдысты алып тастамай-ақ су құюға болады.


### 1-тәсіл

Суды ыдыстың жоғары бөлігінде орналасқан тесік арқылы құйыңыз. Төгіліп қалмас үшін суды баяу құйыңыз.



### 2-тәсіл

1. Суға арналған ыдыстың екі жағында орналасқан ілмекті ағытыңыз және қақпағын шешіп алыңыз.
2. Ыдысқа су құйыңыз.



Абайлаңыз!

Ыдысқа судан басқа ешқандай сұйықтық құймаңыз.

## Диспенсерден су алу

Суағардың астына стақан қойыңыз және онымен ақырындап диспенсер рычагын басыңыз. Рычагты басқан кезде көк түсті шам жанады.



- Суды төгіп алмас үшін стақанды диспенсерге туралап қойыңыз.
- Кейбір үлгілерде суға арналған диспенсер болмайды.




# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҰМЫС КҮЙІНДЕ ҰСТАУ

## ІШКІ БӨЛШЕКТЕРІН АЛУ


### Деликатестерге арналған алынбалы-салынбалы қалташа

Қалташаны шығару үшін оны толығымен бері қарай тартыңыз және аздап көтеріңіз.




### Сөрелер

Сөрелерді мұқият екі қолыңызбен көтеріңіз және өзіңізге қарай тартыңыз. (Шыны сөре/жиылмалы сөре)




### Жылжымалы жәшіктер

Жылжымалы жәшіктерді бері шығару үшін оларды толығымен бері қарай тартыңыз және аздап көтеріңіз. (Пластмасс жәшіктер/Ылғалды реттегіш функциясы бар Big box жәшігі)



### Есік науалары

Есіктен науаларды ағытып алу үшін оларды екі қолыңызбен қатты ұстап тұрып көтеріңіз.




## Суға арналған ыдыс

Суға арналған ыдысты ағытып алу үшін оны екі қолыңызбен қатты ұстап тұрып, өзіңізге қарай бағытта көтеріңіз.




Кейбір үлгілерде суға арналған ыдыс болмауы мүмкін.



## Сусындарға арналған сөре


1. Сусындарға арналған сөренің жоғары бөлігінде орналасқан есік қалташасын ағытып алыңыз.
2. Сусындарға арналған сөренің төменгі бөлігінің сол және оң жағын екі қолыңызбен қысыңыз. Ашу үшін көтеріңіз.

Кейбір үлгілерде сусындарға арналған сөре болмауы мүмкін.



## ХОШИІСТЕНДІРГІШ

Көрсеткіш бағытына қарай тұтқаны бұрыңыз және қақпағын тартыңыз.



Электр энергиясын тұтынуды оңтайлы ету үшін сөрелерді, жәшіктерді және себеттерді 20 беттегі суретте көрсетілгендей бастапқы орындарында қалдырыңыз.


# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҰМЫС КҮЙІНДЕ ҰСТАУ

## ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАРТУ

Samsung тоңазытқышын күтіп-баптау құрылғының жұмыс істеу мерзімін ұзартады және оны жағымсыз иіс пен зиянды бактериялардан қорғауға мүмкіндік береді.

### Ішкі қабат беттерін тазарту


Тоңазытқыштың ішкі қабырғаларын жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісімен тазартыңыз, содан кейін оны жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Аса мұқият тазарту үшін сөрелер мен жәшіктерді шығарып алуға болады. Оларды тоңазытқышқа қайта салмас бұрын сұртуді естен шығармаңыз



### Сыртқы қабат беттерін тазарту

Басқару панелін және дисплейді таза жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Суды тоңазытқыштың тура тазалау бетіне емес матаға шашыңыз. Бұл тазалау беті бойынша ылғалдың бірқалыпты жайылуын қамтамасыз етеді. Есік, тұтқа және корпусің тазалау бетін жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісімен тазарту керек, содан кейін жұмсақ шүберекпен құрғағанша сүртіңіз.



Тоңазытқыштың сыртқы түрін сақтап қалу үшін жылына бір-екі рет оның тазалау бетін жылтыратып отыру керек.




Назар аударыңыз!

Тазарту кезінде бензин, ерітінді немесе Clorox<sup>®</sup> құралын қолданбаңыз. Бұл құралдар тазалау бетінің бұзылуына немесе тұтану қаупіне әкеліп соғады.

## Тоңазытқыштың артқы панелін тазарту

Сымдарды және тоңазытқыштың шығып тұратын бөлігін толып қалған кір мен шаңдардан жылына бір-екі рет шаңсорғыштың көмегімен тазартыңыз.



Назар аударыңыз!


Артқы қақпағын шешіп алмаңыз. Кері жағдайда электр тогына түсу қаупі бар.

## Есіктің резеңке нығыздауышын тазарту

Егер есіктің резеңке нығыздауышы кірлесе, есік тығыз жабылмауы мүмкін. Ол тоңазытқыштың жұмысына әсер етеді.

Нығыздауыштан қатты немесе терең сіңіп кеткен кірді жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісімен және дымқыл шүберекпен тазартуға болады.

Содан кейін нығыздауыштарды құрғағанша таза жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



Абайлаңыз!

- Тоңазытқыш желіге қосылып тұрса, су шашпаңыз. Бұл электр тогына түсуге әкеліп соғады. Тазарту кезінде бензол ерітіндісін немесе көлік жуғыш құралын қолданбаңыз. Бұл тұтану қаупін тудырады.
- Резеңке нығыздауышты тазарту үшін оны ағытып алуға болады. Резеңке нығыздауыштың тиісті тәртіппен өз орнына орнатылғандығына көз жеткізіңіз, кері жағдайда бұл тоңазытқыштың жұмысына кері әсер етуі мүмкін.

# ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗARTУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҰМЫС КҮЙІНДЕ ҰСТАУ

## СУҒА АРНАЛҒАН ДИСПЕНСЕРДІ ТАЗАЛАУ


1. Тоңазытқыштың есігінен суға арналған ыдысты ағытып алыңыз.




2. Суға арналған ыдыстың екі жағында орналасқан ілмекті ашыңыз және қақпағын шешіңіз



3. Сүзгі және сүзгілік текті контейнер.





-  Кейбір үлгілерде сүзгі болмауы мүмкін.

4. Диспенсер кранын сағат тіліне қарсы бұрай отырып, оны ағытып алыңыз.



5. Барлық бөлшектерді ағын суда тазартыңыз. Жұмсақ щетканың көмегімен диспенсер кранын тазартыңыз.



-  Неғұрлым тиімді тазарту үшін ыдыс жууға арналған құралды қолданыңыз.



Диспенсер кранын бүлдірмеңіз және жоғалтып алмаңыз.



Абайлаңыз!


- Be careful not to damage or lose the Dispenser cock.
- Диспенсер кранын бүлдіріп алған жағдайда су төгілуі мүмкін.




## ХОШИІСТЕНДІРГІШТІ ТАЗАРТУ

Егер хошиістендіргішті ұзақ мерзім қолданғаннан кейін жағымсыз иіс кетпесе, хошиістендіргішті тазартыңыз.

1. Көрсеткіш бағытына қарай тұтқаны бұрыңыз және қақпақты бері тартыңыз.



2. Бөлімнен хошиістендіргішті шығарыңыз.



3. Хошиістендіргішті 4 сағатқа жылы суға салыңыз, содан кейін 8 сағат көлемінде көлеңке жерде кептіріңіз.



Хошиістендіргішті қолданғаннан кейін әр 6 ай сайын тазарту ұсынылады.

## ІШКІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ БӨЛШЕКТЕРІН АУЫСТЫРУ



Абайлаңыз!

Жарықдиодты шамын ауыстыру үшін қызмет көрсету инженеріне хабарласыңыз.

# ҚОСЫМША

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМІ
Құрылғы мүлдем жұмыс істемейді немесе температурасы тым жоғары	<ul style="list-style-type: none"><li>• Электркөзі шнурының айыры дұрыс қосылғандығын тексеріңіз.</li><li>• Алдыңғы панельде температура дұрыс қойылғандығын тексеріңіз.</li><li>• Құрылғының тікелей күн сәулесі түсетін жерде немесе жылу көздерінің қасында орналаспағандығын тексеріңіз.</li><li>• Құрылғының қабырғаға тым жақын орналаспағандығын тексеріңіз.</li></ul>
Жұмыс істеу барысында өзгеше дыбыстар пайда болады	<ul style="list-style-type: none"><li>• Құрылғының берік және тегіс жерге орналасқанына көз жеткізіңіз.</li><li>• Құрылғының қабырғаға тым жақын орналаспағандығын тексеріңіз.</li><li>• Құрылғының артына немесе астына басқа заттардың түспегенін тексеріңіз.</li><li>• Шудың көзі компрессор еместігіне көз жеткізіңіз.</li><li>• Құрылғының ішінен тықылдаған дыбыс шығуы мүмкін, бұл-қалыпты жағдай. Бұл дыбыс құрылғының түрлі бөлшектерінің іс-әрекеттерді нәтижесінде туындайды.</li></ul>
Құрылғының алдыңғы бұрыштары және жан-жағы жылы және олардың үстеріне конденсаттар пайда бола бастайды	<ul style="list-style-type: none"><li>• Құрылғының алдыңғы бұрыштарында конденсат пайда болуының алдын алу үшін жылуға төзімді түтікше орнатылған. Сыртқы жоғары температура жағдайында олар үнемі тиімді бола бермейді. Бірақ мұнда тұрған еш ерекшелік жоқ.</li><li>• Ауадағы ылғалдылық салқын қабатпен байланыста болады, конденсат пайда болады.</li></ul>
Құрылғыдан сылдыр сұйықтықтың дыбысы шыға бастайды	<ul style="list-style-type: none"><li>• Бұл-құрылғының ішкі бөлігін суытатын хладагент.</li></ul>
құрылғының ішінен жағымсыз иіс сезіледі	<ul style="list-style-type: none"><li>• Тоңазытқышта бұзылып кеткен азық-түліктің жоқтығын тексеріңіз.</li><li>• Балық сияқты ерекше иісі бар азық-түліктер орау қағазына оралып тұрғанына көз жеткізіңіз</li><li>• Тоңазытқышты жүйелі түрде бұзылып кеткен азық-түліктерден тазартып тұрыңыз.</li></ul>
Құрылғының қабырғаларында мұз пайда болды	<ul style="list-style-type: none"><li>• Желдеткіш тесіктерді сақтаулы азық-түліктер бітеп қалмағандығын тексеріңіз.</li><li>• Азық-түліктерді құрылғының желдеткішіне кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз.</li><li>• Есіктің тығыз жабылғандығын тексеріңіз.</li></ul>
Condensation forms on the inside wall of the appliance and around vegetables.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Бұл егер құрылғыда тиісті орамы жоқ құрамында сұйықтығы көп азық-түліктер сақталғанда немесе есік ұзақ ашылып тұрғанда пайда болады.</li><li>• Азық-түліктерді орамда немесе герметикалық контейнерлерде сақтаңыз.</li></ul>



# УСТАНОВКА ОРНАТУ

## Құрылғыларды бірге орнату

RZ\*\* RR\*\* әріптерімен аталатын Samsung үлгілерін бірге орнатуға болады. Құрылғының үлгісі мен түсін таңдау үшін дүкенге хабарласыңыз. Бірге қолданған кезде төмендегі ережелерді орындауға кеңес беріледі.

- Ең жақсы сипаттамаға қол жеткізу үшін тоңазытқышты оң жағына орналастырыңыз.

- Жеткілікті дәрежеде бос орынмен қамтамасыз етіңіз және орнату жиынтығына кіретін бөлгіштерді орнатыңыз




## ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАР

		
Фиксатор	Ұштастыру жолағы	Төменгі фиксатор


## ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ

Екі құрылғыны да розеткадан ажыратыңыз.


1. Тоңазытқыш пен мұздатқыш аралығын 5-7 мм етіп орнатыңыз.
2. Бұрандаларды алып тастап тоңазытқыштың және мұздатқыштың алдыңғы аяқтарының қақпағын шешіңіз.




3. Екі құрылғының да бұрандаларын алып тастаңыз, төменгі фиксаторды орнатыңыз және орнына бұрап қойыңыз.




4. Тоңазытқыш пен мұздатқыш аралығына ұштастыру жолағын орнатыңыз.



5. Құрылғының жоғары бөлігіне мықтылап екі фиксаторды орнатыңыз.



6. Екі құрылғының да алдыңғы аяқтарының қақпағын өз орнына орнатыңыз.



memo

---

memo

---

memo

---


memo

---

## Қоршаған орта температурасына шектеу

Бұл мұздатқыш төлқұжаттық кестеде көрсетілген оның температуралық класына сәйкес келетін қоршаған орта температурасында жұмыс істеуге арналған.

Класы	Белгі	Қоршаған орта температурасының көрсеткіші (°C)
Кеңейтілген қалыпты	SN	+10-нан +32-ге дейін
Қалыпты	N	+16-дан +32-ге дейін
Субтропикалық	ST	+16-дан +38-ге дейін
Тропикалық	T	+16-дан +43-ке дейін

-  Ішкі температураға мұздатқыштың орналасуы, қоршаған орта температурасы және тоңазытқыш есігін ашу жиілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Бұл факторлардың әсерінің орнын толтыру үшін қажетті температураны реттеп қойыңыз.

### Қазақша



#### **Қызмет ету мерзімі аяқталған өнімді кәдеге асыру**

**(Қызмет ету мерзімі аяқталған электр немесе электронды жабдық)**

*(Қалдықтарды бөлек-бөлек жинау жүйесін қолданатын Еуропаның басқа мемлекеттерінде немесе Еуропалық Одақта қолданылады).*

Өнімде немесе оған қосымша берілетін құжаттардың сол жағында берілген таңба өнімді қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны өзге тұрмыстық қалдықтармен лақтыруға болмайтындығын көрсетеді. Қалдықтарды дұрыс кәдеге асырмау арқылы қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмес үшін өнімді өзге тұрмыстық қалдықтан бөліп алып, материалды ресурстарды қайта қолдануға ықпал ету үшін қайта өңдейтін орынға тапсырыңыз.

Тұрмыстық тұтынушылар өнімді қоршаған ортаға зиян келтірмей өңдеу үшін қайда және қалай тапсыруға болатындығы жайлы ақпаратты өнімді сатып алған дүкеннен немесе жергілікті үкімет органдарынан алады.

Корпоративті тұтынушылар өз жеткізушілеріне хабарласуы тиіс және сатып алу/сату келісімшартындағы шарттармен тексерулері қажет. Кәдеге асыру кезінде бұл бұйым өзге коммерциялық қалдықтармен бірге тасталмауы қажет.

**SAMSUNG**


050000, 31 Nauryzbay Batyr Str., Almaty,

Republic of Kazakhstan

Tel : 8-10-800-500-55-500(GSM: 7799)

[www.samsung.com](http://www.samsung.com)

Fax : +7-727 321-13-12

-  Шикізатты қайта пайдалануды жарнамалау мақсатында осы тұтынушы нұсқаулығы мақалатұра мен қағаз қалдықтарынан қайта өңделген қағазға басып шығарылды.

Кодтық нөмірі : DA99-01950J REV(0.6)